



**Жанғара Дәдебаев,**  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

## ДЕГДАР ТҰЛҒА

**80 жас**



Серік Әдірайымұлы (1943 - 2009) – эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1968 жылғы түлегі. Журналист, жазушы, көсем сөз шебері, аудармашы, ұстаз, баспагер, қоғам қайраткері.

Журналистика факультетінің белсенді, талантты студенті үшінші курста оқып жүргенде республика-

лық жастар газеті «Лениншіл жастың» көзіне түсті. Оқудан қол үзбей, «Лениншіл жас» газетіне тілші болып қызметке тұрды.

Университетті бітіргенде қазақ журналистикасының жас маманы бола тұра бас маман деңгейінде қызмет етуге дайын болды. Содан он жылдан астам уақыт (1965-1979) бойында осы газетте еңбек етті, тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін абыроймен атқарды. Газет ісін жете меңгеріп,



үлгі алып қана қоймай, үлгі көрсетті, өзекті мәселелерді көтерген публицистикалық шығармаларымен республика жұртшылығына кеңінен танылды. Очерк, публицистика, эссе үлгісінде жазып жариялаған шығармаларында автордың қоғам өмірінің түрлі салаларына қатысты өзекжарды ойлары оттай лаулап, шоқтай жайнап тұрды.

1979-1986 жылдары республиканың орталық баспаларында басшы лауазымында баспа ісінің дамуына зор еңбек сіңірді. Ал 1986-1990 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін қазақ тілінде дайындап шығаратын Бас редакцияның меңгерушісі болды. Осы қызметтердің жауапкершілігі Серік Әбдірайымұлының кәсіби журналист, баспагер, идеологиялық қызметкер ретінде дараланып, республиканың рухани әлемінде қыранша самғауына негіз болды.

1990 жылдан дүниеден өткенге дейін (2009) өзі негізін қалап, өзі қалыптастырған «Санат» баспасының басшысы болып, отандық баспа ісінің дамуына, қоғамның интеллектуалдық қуатының артуына қызмет етті.

Серік Әбдірайымұлы өмірінің кейінгі отыз бес жылында негізгі жұмысынан қол үзбей, бар ықыласымен, сүйініп атқарған бір қызметі — ұстаздық қызмет. 1974 жылдан 2009 жылға дейін Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің студенттеріне дәріс берді. Теория мен



практика жетістіктерін ұштастырып, шешендік өнер үлгісінің өрнектерімен әрлеп оқыған лекциялары болашақ журналистердің көңіліне күн көзіндей жарық берді. Қазақ журналистикасының жаңа тұрпатты мамандарын даярлауға үлес қосты, өзі оқытқан студенттерінің білімі өзінің білімінен асып түсуін, олардың кәсіби шеберлігі өзінің шеберлігінен жоғары болуын көздеді.

Серік Әбдірайымұлының шығармашылық мұрасы бірнеше саладан тұрады: газет ісі, баспа ісі саласындағы еңбектері; редакторлық, әдеби өңдеу саласындағы еңбектері; көсем сөздер, ой-толғаулар, сыр-сұхбаттар, эсселер; көркем проза; көркем аударма; лекциялар; кино өнері.

Автордың аталған салалардағы шығармаларының танымдық, тағылымдық, көркемдік-эстетикалық мәні зор. Қоғамдық сананы жаңарту, байыту, жетілдіру бағытында бұл еңбектердің маңызы бүгінгі күні де жоғары.

Серік Әбдірайымұлы қазақ руханиятының кеңістігінде өзінің алдындағы буын өкілдерімен де, өз қатарластарымен де, кейінгі буын өкілдерімен де сыйлас болды, ықыласты қарым-қатынасын үзбеді. Осы сыйластық, осындай достық қарым-қатынас қаламгердің «Жалынды жастық шақ» (1974), «Еңбек Ері Ермеков» (2000), «Күнді көлегейлеуге болмайды» (2001), «Мансап пен махаббат» (2007), «Самғау» (2008) және басқа кітаптарында жарқырап ашылды. Әсіресе Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен шығармашылық, кісілік сыйластық нәтижесінде



дүниеге келген сұхбаттар циклының тарихи, әлеуметтік маңызы айрықша жоғары. Д.А. Қонаев туралы еңбек және соғыс ардагерлерінің, замандастарының, әдебиет пен өнер адамдарының естеліктерін орыс, қазақ тілдерінде екі том көлемінде жинау, құрастыру, баспаға дайындау, баспадан шығару жұмыстарының бар қиындығын бір өзі көтерген ерен еңбегі ерекше құрметке лайықты.

1992 жылы Димекеннің «Өтті дәурен осылай» естелік-эссесін орыс тілінен еркін аудару, автордың ықыласымен қазақша нұсқасын кеңейтіп, әдеби редакциясын жасап, «Санат» баспасынан шығару, 1994 жылы осы автордың «От Сталина до Горбачева (В аспекте истории Казахстана)» кітабын шығару (Алматы: «Санат» баспасы, 1994), оны қазақ тіліне еркін аударып, қазақша нұсқасын жазу және сол жылы сол баспадан бастырып шығару (Алматы: Санат, 1994) – Серік Әбдірайымұлының ерлікке парапар ерен еңбегінің көрінісі. Мұндай ерен еңбекке ердің ерінің, кісінің дегдарының ғана жүрегі дауалайды.

Сөз өнері туындысынан екі нәрсе анық көрінеді. Оның бірі - қаламгер суреттеген шындық құбылыстар, екіншісі – шындық құбылыстарды суреттеген қаламгердің болмысы. Көре білген көз үшін қаламгердің шығармасында оның дүниеге көзқарасы, қаламгерлік қабілеті, талант табиғаты, таным деңгейі, кісілік келбеті айнадағыдай көрініп тұрады.



Серік Әбдірайымұлының шығармашылығын осы қағида аясында пайымдағанда, дәлелі де, дәйегі де берік мынадай пікірдің түйіні шешіледі: *Серік Әбдірайымұлы – шығармашылық көгінде қырандай самғаған, адам деген атына қылау түсірмеген, табиғаты таза, жаны жайсаң, ел алдындағы, елдің өсер өркені алдындағы азаматтық парызы мен қарызына адал болып өткен, ізгі мұратымен, игілікті істерімен, көркем мінезімен, көрікті сөздерімен, көсем ойларымен артында өшпейтін үлгі, өлмейтін өнеге қалдырған дегдар тұлға.*

Серік Әбдірайымұлының дүниеге келгеніне 80 жыл толуына орай өткізіліп отырған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда дегдар тұлғаның өмірі мен қызметінің жаңа қырларын ашатын тағылымды ойлар айтылады деп сенемін. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

28.04.2023